

«Особенности ортопедического лечения при
заболеваниях слизистой оболочки полости
рта.»

Жоспар

- АҚШҚ аурулары.
- АҚШҚ аурулары кезінде протездеу түрлері.
- АҚШҚ аурулары кезінде протездеу ерекшеліктері.

- Ауыз қуысының шырышты қабат аурулары стоматологиялық аурулар ішінде ерекше орын алады. Мұндай ауруларды диагностикалау және емдеу өте күрделі. Сонымен қатар бұл аурулардың көп бөлігі инфекциялық сипатта болғандықтан медициналық қызметкерлер үшін жұқтыру қауіпін
- Шырышты қабатты тұрақты жарақаттау және ауыз қуысында мол микрофлораның болуы есебінен зақымданудың әртүрлі элементтері өз көрінісін тез өзгертеді.
- Шырышты қабықшада өз кезеңінде әртүрлі жарақаттар көптеп пайда болып , диагноз қойар кезде бір бірінен ажырату қыйынға соғады. Сондықтан да стоматолог алдын-ала диагноз қойып алғашқы көмек көрсете білу керек, содан кейін керекті мекемеге немесе мамандарға тексеруге жіберіп, нақты және сапалы ем жүргізіледі.





- **Ауыз қуысы шырышты қабықшасының ауруларын тудыратын факторлар көзіне жатады:**
- - протездер мен пломбаларды сапасыз дйындау, сонымен бірге ауыз қуысында әр-түрлі металдан ортопедиялық конструкция негізінде гальваникалық эффектiлер
- - тіс қақтары;
- - тіс жегі және оның асқынулары
- - өткір, ыстық, ащы, тағамдарды қолдану, шылым шегу
- - бақылаусыз антибиотиктерді қолдану, стоматологиялық кірісулер кезінде күшті әсер ететін медикаменттерді қолдану;
- - ауыз қуысының рациональды гигиенасының сақталмауы, микрожарақаттар, ыңғайсыз стоматологияқ заттар;
- - ішкі мүшелердің және жүйелердің аурулары;
- -инфекциялық аурулар
- - көп қан жоғалту, зәр шығарудың жоғарлауы, дене температурасының ұзақ уақыт көтерілуі, суды жеткілікті қолданбау, құсу, іш өтумен тудырылатын, организмнің сусыздануы. Ауыз қуысына шырышты қабаттарына сусыздану әсеріне лаурилді сульфат натри құрамды пасталарды қолдану;
- - авитаминоз (В, А, С топтарының витаминдерінің жеткіліксіздігі), организмге темірдің, фолий қышқылының, цинк, селен жетіспеушілігі
- - мойын, мұрын және жұтқыншақ аймағының қатерлі ісіктері;
- - горманальды ауытқу (жүктілік, кезеңділік жас, климакс);
- - анемия;
-

- **Ауыз қуысы шырышты қабықша аурулары кезінде протездеу ерекшеліктері.**
- Ортопедиялық стоматология клиникасына көбінесе ауыз қуысы шырышты қабықшасында аурулар бар науқастар тіс салдыруға келеді. АҚШҚ аурулары бар науқастарда әр-түрлі дәрежедегі зат алмасу өзгерістері, интоксикация, организмнің мүшелер мен жүйелерінің функциональды жетіспеушілігі, айқын патологиялық өзгерістері анықталады.
- АҚШҚ аурулары бар соматогенді психикалық бұзылыстары бар науқастарды түзету және тіркеу ол тістерді емдеу, протездеу және реабилитациялау кезінде маңызды орын алады. Осындай науқастар АҚШҚ созылмалы патологияларымен-қызыл жалпақ теміреткі, лейкоплакия, созылмалы қайталанбалы герпетикалық стоматит т.б аурулармен жиі аурады және протездеуге мұқтаж.

- Ауыз қуысын протездеуге дайындау кезінде, созылмалы шырышты қабық ауруларының дәрежесіне байланысты ауыз қуысын сауықтырудың комплексті емшараларын, мамандандырылған гигиенасын, тістердің өткір жиектерін егеу, тістің қатты тіндерінің кариозды және кариозды емес зақымдануларын қоса, дұрыс емес қойылған протездерді алмастыруды қоса жоспарлау керек.
- Айтылған шараларды жүргізер алдында асқынудың алдын –алу мақсатында құрамында антисептик бар гельдермен немесе ертінділермен өңдеу керек, ал стоматологиялық процедураларға дайындау кезінде – ауыз қуысын антисептиктермен шаю керек.
- Протез орнын құрамында кортикостероидты гормондары бар маздармен аппликация жасау ұсынылады.

- **Тіс қатарын алынбайтын конструкциялармен протездеу үшін төмендегілерді ескеру керек:**
- **1)** Шырышты қабатқа іс жүзінде қысым түсірмейтін және онымен аз байланысқан, алынбайтын протездерді пайдалану көрсеткіштерін кеңейту қажет.
- **2)** Коррозияға байланысты штампталып дәнекерленген көпірлі протездер ауыз сұйықтығының микроэлементтер құрамын өзгертеді. Сондықтан біртекті металл қорытпаларынан, әсіресе асыл металдардан жасалған протездер жасау керек. Осындай жағдайларда көпір тәрізді протездер құйылған тұтас металдан немесе металлокерамикадан болуы қажет. Металлсыз құрылымдарды пайдалануда Impress-керамика, керомер негізіндегі көпір тәрізді протездер басым болып табылады. (BelleGlass, Sculpture/Fiberkor), композитов (Esthet X, Charisma);

- 3) Күміс иондары сілекей ферменттерінің қызметін қалыпқа келтіруге ықпал етеді. Бұл пациенттерге протездік тістерді күмістен және паллади қорытпаларынан дайындауды ұсынуға мүмкіндік береді;
- 4) Тіректі тістерді егеу жұмсақ тіндерге зақым келтірмей асептикалық және антисептикалық талаптарды қатаң ескере отырып жүргізілуі керек.
- 5) Қатты тіндерді егеп дайындағаннан кейін, тістердің өткір қырларын тегістеп, бетіне полимермен өңдеу керек.
- 6) Қатайған қалыппен қалыптық қасықты ауыз қуысына қайта енгізу кезінде шырышты қабаттың қосымша жарақатын болдырмау үшін жұмысшы мүсінді «сэндвич-технология» әдісімен алынады. Көмекші қалып үшін алгинатты массаны қолдану қажет.
- 7) Көпір тәрізді протездің денесі оның механикалық жарақатын болдырмау үшін альвеолярлық өсіндінің шырышты қабығына жанаспау керек.
- 8) Көпір тәрізді протездердің беті шығыңқы элементтерсіз мұқият жылтыратылған болуы керек





- **Алынбалы құрылымдарды қолдануға қатысты нұсқаулар болған кезде жарақаттанған шырышты қабатқа жақын қысымды азайту және кейіннен базистің ішкі бетін күмістеу үшін доғалы және пластиналы протездердің тірек-ұстағыш элементтеріне(кламмер, аттачмендер, телескопиялық сауыттар) мән беру керек. При наличии показаний к применению съёмных конструкций предпочтение следует отдавать бюгельным и пластиночным протезам с опорно-удерживающими элементами (кламмерами, аттачменами, телескопическими коронками, балочными и магнитными системами фиксации) для разгрузки слизистой оболочки с последующим серебрением внутренней поверхности базиса, прилегающей к пораженной слизистой оболочке.**
- Көрсеткіштерге сәйкес, мұндай пациенттерге тіректік бекіту элементтері бар алынбалы көпір тәрізді протездер немесе кіші ертоқым тәрізді протездер дайындалуы керек.
- Тіс қатарының үлкен ақауы немесе тістердің толық болмауы кезінде алынбалы пластиналық протездермен протездеу үшін серпімді төсеммен түссіз пластмассадан дайындалған екіқабатты базисті қолдану қажет. Жұмсақ пластмассадан дайындалған төсемнің қалыңдығы шырыштың зақымданған ошақтарында немесе базистың шетінде оқшауланған жерлерде ғана әр түрлі болуы мүмкін. Бұл шырышты қабатқа шайнау қысымның біркелкі бөлінуіне ықпал етеді, шайнау қысымын амортизациялайды, ауырсынуды болдырмайды немесе азайтады, протездерді бекітуді жақсартады және оларға бейімделу уақытын қалыпқа келтіреді







PresidentGroup www.sibdent.ru



- Тістерді жартылай жоғалтқанда алмалы пластиналы протездер дайындау үшін алгинатты массалар арқылы қалып алу керек.
- Тіректік құрылымды протездер дайындау үшін «сэндвич-методикасы» бойынша қалып алу ұсыналады.
- Толық тістері жоқ жағдайды қалпына келтіру кезінде алдын ала қалып алу үшін альгинатты қалыптық материалды, ал функциональды қалып алу үшін- цинкоксидэвгенолды немесе силиконды массаны қолдану қажет.
- Термопластикалық массалармен қалып алу ұсынылмайды, себебі олар ауыз қуысына қыздырылған күйде енгізіледі, бұл шырышты қабаттың қосымша тітіркенуін тудыруы мүмкін.





NOEXDENT.RI



- Науқасқа тіс протездерін тапсыратын кезде, базистың шекараларын, протез мұқият жылтыратылған болуын және ауыз қуысына протезді орналастырып жақтың тістер қатарының артикуляциялық байланысын тексеру қажет.
- Механикалық зақымдануды болдырмау үшін алмалы-салмалы протездердің жиектері тығыз және дөңгелек болуы керек.

Литература

- Ортопедическое лечение заболеваний пародонта. Копейкин В.Н. 2004г
- Руководство к практическим занятиям по ортопедической стоматологии для студентов 5 курсов - Лебеденко И.Ю. 2005 г
- «Практическая терапевтическая стоматология» А. И. Николаев, Л. М. Цепов, Москва, «МЕДпресс-информ» 2003.
- В. Н. Трезубов, А. С. Щербаков, Р. А. Фадеев Ортодонтия — 2001г
- <http://stomfak.ru/ortopedicheskaya-stomatologiya>